

Жоғары білім берудің ұлттық біліктілік шеңберін әзірлеу және өзін-өзі сертификаттау бойынша есептерді дайындау жөніндегі жұмыс тобының 1-ші отырысы өткізілді

2019 жылғы 22 сәуірде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің мәжіліс залында Жұмыс тобының отырысы өткізілді.

Жұмыс тобының құрамына Білім және ғылым министрлігінің, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің, «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасының, салалық қауымдастықтар мен жоғары оқу орындарының өкілдері кірді.

Жұмыс тобын құруға негіздеме: 2018 жылғы мамырда Болон процесі елдерінің білім министрлерінің Париж конференциясында Ұлттық біліктілік шеңберлерін өзін-өзі сертификаттау процесін жүзеге асыру ұсынылған.

Жұмыс тобын құрудың мақсаты – ҰБШ мен Жоғары білім берудің еуропалық кеңістігі (ЖБЕК ҰШ) Тұтас қамтитын біліктілік шеңберінің барлық деңгейлерін есепке ала отырып, Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің ұлттық біліктілік шеңберінің (ЖБ ҰБШ) дескрипторларын қайта қарау.

Күтілетін нәтиже: жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын әзірлеудің, оның ішінде оқыту нәтижелерін жобалаудың; қазақстандық академиялық дәрежелер мен біліктіліктердің танылу, шетелдік азаматтар үшін қазақстандық жоғары білім берудің тартымдылық сапасын арттыру.

Болон процесі және академиялық ұтқырлық орталығының
Әдіснама және сапаны қамтамасыз ету басқармасы